# KASE АПТАЛЫҒЫ

7 – 11 Желтоқсан, 2020



## KASE ОҚИҒАЛАРЫ

- KASE 2020 жылдың қараша айындағы биржалық нарықтың жұмыс нәтижелеріне арналған БАҚ үшін онлайн медиа-брифинг өткізді.
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ өз акционерлерінің сырттай дауыс беру арқылы болып өткен кезектен тыс жалпы жиналысының шешімдері туралы хабарлайды.
- Қазақстан қор биржасында "Самұрық-Қазына" Ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ KZ2C00007151 (SKKZb25), "Қазақстан Ипотекалық компаниясы" Ипотекалық ұйымы" АҚ KZ2C00006815 (BTDVb5) және Байтерек" ұлттық басқарушы холдингі" АҚ KZ2C00007052 (BTRKb4) облигацияларының сауда-саттықтары ашылады.
- KASE Басқармасы Altyn PLC KZX000000286 (GB_ALTNe1) және Kaspi.kz АҚ US48581R2058 (KSPId) ЖДҚ KASE ресми тізіміне енгізу туралы шешім қабылдады.
- Еуропа даму және қайта құру банкі XS2264979431 (EBRDe13) халықаралық облигациялары және "Аграрлық несие корпорациясы" АҚ KZ2C00007177 (AGKKb15), "Қазақстан Даму Банкі" АҚ KZ2C00007102 (BRKZb21) облигациялары KASE ресми тізіміне енгізілді.

## ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- ЕУРОПАЛЫҚ ҚАЙТА ҚҰРУ ДӘНЕ ДАМУ БАНКІ ӨЗІНІҢ ТОҒЫЗ ЖЫЛДЫҚ, XS2264979431 (EBRDe13) ОБЛИГАЦИЯЛАРЫНА ЖАЗЫЛЫМ ЖҮРГІЗУ АРҚЫЛЫ ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫНДА ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҚ КУПОНЫНА 1 % МАРЖАМЕН 60,0 МЛРД ТЕҢГЕ ҚАРЖЫ ТАРТТЫ.
- "Қазақстан даму банкі" АҚ Қазақстан қор биржасында KZ2C00006898 (BRKZb20) және KZ2C00007102 (BRKZb21) орналастырып, 100,0 млрд теңге тартты.
- Қазақстан қор биржасында 10 желтоқсанында "Байтерек" Ұлттық басқарушы холдингі" АҚ KZ2C00007060 (BTRKb5) және KZ2C00007078 (BTRKb6) облигациясын жылдық 11,30 % -бен орналастырып, 50,0 млрд теңге қаржы тартты.
- Қазақстан қор биржасында "Қазақстандық тұрақтылық қоры" АҚ KZ2C00007037 (KFUSb4) және KZ2C00007110 (KFUSb5) облигациясын орналастырып, 10,1 млрд теңге қаржы тартты.
- Қазақстан қор биржасында "Банк "Bank RBK" АҚ KZ2C00006021 (INBNb9) облигациясын орналастырып, 25,0 млрд теңге қаржы тартты.
- Қазақстан қор биржасында Маңғыстау облысының әкімдігі өзінің KZMJ00000891 (MGK024_089) екі жылдық облигацияларын орналастырып, 1,5 млрд теңге қаржы тартты.
- KAZ Minerals PLC Компаниясы NOVA RESOURCES B.V. тарапынан KAZ Minerals PLC сіңіріп алуды ұсынғаны туралы ағылшын тілінде ұсынды.
- "КазТрансОйл" АҚ және "Каспий Құбыр Консорциумы" АҚ 2021 жылғы ынтымақастық туралы мәселені талқылады.
- "Кселл" АҚ "Қазақстандағы Қытай Банкі" ЕБ АҚ несие желісі сомасын арттырғаны туралы хабарлады.
- "Казхром" Трансұлттық компаниясы" АҚ өзінің KZ0009093704 (KZCR) жай және KZ0009089744 (KZCRp) артықшылықты облигациялары бойынша 2020 жылдың 01 шілдесінен 30 қыркүйегіне дейін дивидендтер төлейтіні туралы хабарлады.
- "Нұрбанк" АҚ KZ000A1CTMV3 (NRBNp6) артықшылықты акциялары бойынша 2019 жылға дивиденд төлеуді көздегені туралы хабарлады.

KASE Индексі апта қорытындысы бойынша 0,3% өсіп, 2 616,86 нүктені құрады. Индекстік акциялар арасында мәмілелердің көп саны Халық банкі жай акцияларымен жасалды – 1 023 мәміле. Сауда-саттықтың ең үлкен көлемі КазТрансОйл қағаздары – 114,8 млн теңге (бір аптадағы жиынтық көлемінен 27,6%).

**KASE Индексінің акциялары**




**Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі**




| **11.12.2020** | | | **Трендтер (%)** |
|---|---|---|---|
| **KASE Индексі** | **2 616,86** | **0,2** | **4,7** |
| **Өтімділіктің бірінші сыныбы** | **Цена** | **Δ 7д** | **Δ 1м** |
| Freedom Holding Corp. | 21 398,0 | 7,0 | 62,9 |
| Сбербанк | 1 473,0 | 3,7 | 16,8 |
| **НАК Казатомпром** | 6 557,0 | 3,2 | 6,0 |
| Газпром | 1 079,9 | 2,0 | 12,8 |
| Bank of America Corporation | 12 152,8 | 0,9 | 6,3 |
| **Казахтелеком** | 26 650,0 | 0,6 | 3,7 |
| **Kcell** | 2 735,0 | 0,2 | 0,6 |
| Казахтелеком, прив. акции | 13 000,0 | 0,2 | 5,7 |
| **КазТрансОйл** | 909,0 | 0,0 | 12,3 |
| Банк ВТБ | 0,2 | 0,0 | 5,0 |
| **Народный банк** | 123,8 | -0,3 | 6,2 |
| **KEGOC** | 1 695,0 | -0,4 | 0,5 |
| **KAZ Minerals** | 3 500,1 | -1,1 | 4,5 |
| **Банк ЦентрКредит** | 213,0 | -1,3 | -0,5 |
| Аэрофлот | 417,0 | -2,9 | 7,0 |

*Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген*

KASE Индексі осы аптада индекстік себеттегі акциялардың басым бөлігінің төмендеуіне қарамастан, аптаны плюспен аяқтады. Қор нарығының оқшауланған көрсеткіші 12 жылдық максимумды жаңғыртқан соң ағымдағы жағдайға шоғырлана бастады. Индекс өсімінің драйвері Казатомпром жай акциялары болды, олар бағасына 5% қосты. Атомдық компанияның қағаздары ETF URA уран өсімі аясында қымбаттап, бағасы ағымдағы айдың басынан бері 18% көтерілді.

KEGOC нарықтық құны 0,3% төмендеп, 1 695,00 теңгені құрады. Дүйсенбі күні еліміздің Президенті тасқын сулардан алынатын электр энергиясын KEGOC-қа міндетті түрде өткізіп беру туралы заңға қол қойды. Заңда гидроэлектр стансаларының KEGOC жанындағы есептеу-қаржылық орталығына тасқын су энергиясын сату міндеті заң жүзінде бекітіліп беріледі. KEGOC өз кезегінде оны еліміздегі барлық тұтынушылар арасында бөліп береді.

KAZ Minerals, сейсенбі күні жарияланған, өзінің 2020 жылдың III тоқсанындағы өндірістік есебінде бұрын жоспарланған көлемге қатысты мыс пен алтын өндірісі бойынша болжамы 2-3% артқанын көрсетті. Хабарламада 2020 жылдың қараша айында жөндеу жұмыстарын табысты жүргізу есебінен, компания бұрынғы жоспардағыдан өндірістің көлемі артуын күтетіндігін, COVID-19 байланысты айтарлықтай ақаулар жоқ екендігін, сондай-ақ өндіріс қарқыны төмендемегенін хабарлады. Сонымен қатар, дүйсенбідегі сауда-саттықта мыстың бағасы ҚХР металл импортын қысқарту туралы мәліметтер негізінде арзандады. Алайда металл құны бір фунтқа $3,5 деңгейінен жоғары сақталуда, ол 2013 жылдың наурыз айынан бастап қарағанда максималды деңгейге жетті. Бас кедендік басқарма мәліметтеріне сәйкес, Қытай қараша айында шет елден мыс жеткізу бағасын алдығы айға қарағанда 9,2% төмендетті. Сонымен қатар, өткен айдың қараша айына қарағанда импорт көлемі 16,2% артты. Компания акциялары осы жағынан алғанда 1,3% арзандап, 3 500,05 теңгені құрады.

Мерзімі бір күндік мемлекеттік бағалы қағаздармен репо операцияларының кірістілігі бір аптада 13 б.н. азайып, жылдық 8,26% құрады. АҚШ доллары кепілдігімен теңгені қарызға алу мөлшерлемесі 41 б.н төмендеп, жылдық 7,82% құрады. Бір күндік теңге өтімділігінің орташа көлемі бір аптада 281,4 млрд теңгені (өткен аптадағы сәйкес көрсеткішке -15,9%) құрады.

## Инфляция және пайыздық мөлшерлеме




## Основные параметры размещения нот НБРК




## Тәуекелсіз қисық кірістілігі



Апта қорытындысы бойынша теңге АҚШ долларына қатысты 1,70 (-0,4%) теңгеге өсіп, 419,09 теңгені құрады. Ағымдағы аптада валютаның жиынтық көлемі $473,6 млн (өткен аптадағы сәйкес көрсеткішке (+7,1%). АҚШ долларын сату және сатып алу бойынша мәміленің жалпы көлемі 1 607 (өткен аптадағы сәйкес көрсеткішке (+193) құрады. Максималды бағасы бір АҚШ долларына 422,22 теңге, минималды – 418,50 теңге.

Теңге АҚШ долларына қатысты апта қорытындысы бойынша COVID-19 вакцинасы аясында позициясын нығайтты. Ұлыбританиядағы жаппай вакцина салуды бастау туралы жаңалықтар, сондай-ақ FDA АҚШ-та Pfizer және BioNTech өндірісінен от коронавирус инфекциясынан вакцинаны жедел қолдануды мақұлдауға нұсқаулық беруі инвесторлардың тәуекел активтеріне қызығушылығын арттыруға ықпал етуде. Осыған орай, Brent маркалы мұнайдың ақпан айындағы фьючерс бағасы аясында бір баррельге $50 құрады. АҚШ-та санитарлық қадағалау басқармасының (FDA) вакцина және онымен байланысты биологиялық өнімдер жөніндегі кеңесші комитеті өткен аптада өткен кездесулердің қорытындысы бойынша, Pfizer және BioNTech компаниялары COVID-19 вакцинасын АҚШ-та FDA шұғыл пайдалануды мақұлдады. Сонымен қатар, Johnson & Johnson америкалық компаниясы өзінің вакцинасының сынақ қорытындысын 2021 жылдың қаңтар айында алатындығы туралы хабарлады. Сонымен қатар, мұнай бағасының өсуіне Қытайдағы қара алтынға деген сұранымның деңгейі артуы туралы жаңалық та ықпал етті.

Алайда, сәуір айынан бастап, баға АҚШ-та мұнай қорының барынша өсуін тежеуде. Соынмен қатар, Иран, америкалық санкцияларды жұмсартқан жағдайда, үш айдың ішінде мұнайды барлау және экспорттауды бар қуатына қосуға енгізуге дайындалуда, сонымен қатар, ұсынымның артуына байланысты нарыққа қысым түсуде.

Жұма күні Нұр-Сұлтан уақытымен сағат 15:30 -да Brent қаңтар айындағы мұнай фьючерсі құны ICE Futures лондон қор биржасында бір баррельге 0,6% төмендеп, $49,97 құрады. Мәскеу биржасында АҚШ долларының ресей рубліне бағамы осы уақытта 0,2% өсіп, 73,2562 рубльді құрады.

Ресей рублінің құны 0,0808 теңгеге (+1,4%) арзандап, 5,7392 теңгені құрады. Қытай юаны бағасы 0,2237 теңгеге (-0,4%) арзандап, 64,2599 теңгені құрады.

**Шетел валюталарының бағамы динамикасы**




| | Бағасы | Δ 7к, % | Δ 30к, % | Δ 2020, % |
|---|---|---|---|---|
| GBPKZT | 559,49 | -1,3 | -1,6 | 11,9 |
| USDKZT | 420,16 | -0,6 | -2,1 | 10,2 |
| EURKZT | 508,52 | -0,7 | 0,4 | 19,1 |
| CNYKZT | 64,22 | -0,4 | -1,1 | 17,7 |
| RUBKZT | 5,72 | 1,6 | 1,8 | -7,3 |

*Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.*

**Brent мұнай құны**



## Халықаралық индекстер

| Атауы | Мәні | Тренд % 7к | Тренд % 1а | Тренд % 1ж | Фьючерс 7к |
|---|---|---|---|---|---|
| S&P 500 | 3 663,46 | -0,8 | 2,5 | 15,6 | -1,2 |
| Dow Jones | 30 046,37 | -0,1 | 2,2 | 6,8 | -0,9 |
| РТС | 1 412,88 | 3,2 | 14,5 | -5,6 | 3,9 |
| ММВБ | 2 285,53 | 0,0 | 0,0 | 0,0 | 3,9 |
| Hang Seng | 26 505,87 | 0,0 | 1,1 | -1,8 | -1,6 |
| SS CSI 300 | 4 889,63 | -2,6 | -0,3 | 25,7 | -3,8 |
| Euro Stoxx 50 | 3 485,84 | -1,3 | 0,5 | -5,9 | -1,4 |
| FTSEuroFirst | 3 879,00 | -1,0 | 0,7 | -11,4 | -1,6 |
| FTSE 100 | 6 546,75 | -0,1 | 2,6 | -10,0 | 0,1 |
| KASE | 2 616,86 | 0,2 | 4,7 | 13,8 | |

## Шикізат нарығы 11.12.2020

| Атауы | Бағасы | Тренд % 7к | Тренд % 1а | 1ж |
|---|---|---|---|---|
| Мұнай (Brent) | 49,97 | 2,4 | 14,1 | -22,2 |
| Мұнай (WTI) | 46,57 | 1,8 | 12,4 | -21,3 |
| Табиғи газ | 2,59 | 7,7 | -14,5 | 11,3 |
| Мыс | 352,40 | 0,4 | 12,4 | 26,3 |
| Темір | 1 024,50 | 4,5 | 11,4 | 60,6 |
| Алтын | 1 839,85 | -1,2 | -1,4 | 25,3 |
| Күміс | 24,03 | -2,9 | -1,0 | 42,7 |
| Астық | 608,25 | 6,5 | 1,7 | 12,8 |

## Экономикалық оқиғалар күнтізбесі

| | Экономикалық оқиғалар күнтізбесі | Валюта | Болжам | Алдыңғы |
|---|---|---|---|---|
| 15.12 | Қытай: өндірістік өнеркәсіп көлемі (ж/ж) | CNY | 7,0% | 6,9% |
| 16.12 | ФРС пайыздық мөлшерлемесі бойынша шешім | USD | 0,25% | 0,25% |
| 17.12 | АҚШ: тұтыну бағасының базалық индексі (ТБИ) (а/а) (қараша) | EUR | -0,3% | -0,3% |
| 17.12 | Ұлыбритания: пайыздық мөлшерлеме бойынша шешім (желт) | GBP | 0,10% | 0,10% |
| 17.12 | АҚШ: жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға алғашқы өтінімдер саны | USD | 800K | 853K |
| 18.12 | Ресей: пайыздық мөлшерлеме бойынша шешім (желт) | RUB | 4,25% | 4,25% |

*Анықтама: Күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптаның экономикалық неғұрлым маңызды оқиғалары*

**B – миллиард**
**M – миллион**
**K – мың**

## Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

| Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы | Мәні | Күні | Жыл басына |
|---|---|---|---|
| Жылдық инфляция | 7,1% | 01.07.20 | 5,3% |
| ҚР ҰБ Жалпы халықаралық резервтері, млн USD | 31 561 | 01.06.20 | 30 927 |
| Қаржы базасы, млрд KZT | 8 428,3 | 01.06.20 | 5 995,7 |
| Қаржы массасы, млрд KZT | 22 438,2 | 01.06.20 | 20 813,4 |

## Қазақстанның несие рейтингі

| Қазақстанның несие рейтингі | Рейтинг | Күні | Алдыңғы |
|---|---|---|---|
| S&P Global | BBB-тұрақты | 10.09.18 | BBB-тұрақты |
| Moody's | Baa3 тұрақты | 26.07.17 | Baa3 -тұрақты |
| FitchRatings | BBB тұрақты | 28.09.18 | BBB тұрақты |

# БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

**"Қазақстан қор биржасы"АҚ**

**Мекен-жайы:** Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ "Almaty Towers"

**Тел.:** 8 (727) 237 53 00




**Корпоративтік веб-сайт**

**Бізбен байланысыңыз**

**Листингілік компаниялардың корпоративтік оқиғалар күнтізбесі**

"Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі, . KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл , дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді .
KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факорлар;
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген.. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламған жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап;
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.
Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.

© "Қазақстан қор биржасы" АҚ 2020